

әдістемелік нұсқаулар

ЖОЛДАУ 2019:

негізгі басымдықтар мен міндеттер, шешу жолдары

Астана, қазан 2018 ж.

МАЗМҰНЫ

I. КІРІСПЕ	3
II. ТАБЫС ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ	4
2.1. Ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) өсіру	4
III. ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ДАМУДЫҢ ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ	6
IV. БІЛІМ БЕРУ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ ЖАҢА САПА ДЕҢГЕЙІ	7
4.1. Білім беру сапасын арттыру.....	7
4.2. Денсаулық сақтау және салауатты ұлт	10
V. ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ЖӘНЕ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС ЭКСПОРТТЫ ҚОЛДАУ	13
VI. ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ	15
VII. АӨК ДАМУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРУШІЛЕРІН ҚОЛДАУ	16
VIII. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ	19
IX. ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МӘСЕЛелЕРІН ШЕШУ	21
X. ӨНІРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ	22
XI. БИЗНЕС- ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTU	23
11.1. Шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясы»	23
11.2. ЖІӨ-дегі көлеңкелі айналымды азайту шаралары	23
XII. ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ «7-20-25» ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ	24
XIII. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ	25

I. КІРІСПЕ

Бұл әдістемелік нұсқауларды Премьер-Министрдің Кеңесі ақпараттық-насихат тобының жұмысы үшін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру үшін әзірледі.

Ұсынылған материалдар сонымен қатар саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, экономистер, ғалымдар, оқытушылар мен құқықтық, басқарушылық және әлеуметтік пәндер тыңдаушылары, депутаттар мен мемлекеттік аппарат қызметкерлері үшін де пайдалы.

Жаңа Жолдау елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелеріне және қазақстандықтардың әл-ауқатын одан әрі арттыру жөніндегі міндеттеріне арналған.

Басты мақсат – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту.

Онда сыртқы сын-тегеуріндерге үн қата алатын мемлекеттік саясатты дер кезінде қалыптастыру бойынша ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттер қойылған. Жолдауды іске асыру халықтың табысы мен әлеуметтік әл-ауқатының артуы үшін берік негіз болады.

Жолдау 2019 мәтіні мазмұндық және саяси тұрғыдан толығымен 2050 Стратегиясының, Бес институттық реформаның, Қазақстанның Үшінші жаңғыруының саяси бағыттарын қамтиды.

II. ТАБЫС ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ

2.1. Ең төменгі жалақыны (ЕТЖ) өсіру

Мемлекет басшының ең төменгі жалақы көлемін өсіру бойынша тапсырмасын іске асыру мақсатында Үкімет қолданыстағы заңнамаға барлық қажетті өзгерістерді енгізетін болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда ең төменгі жалақы (ЕТЖ) ең төменгі күнкөріс шамасына (ЕТК) байланысты және жалақы төлеудің ең төменгі әлеуметтік стандарты болып табылады. Еңбек кодексіне сәйкес жұмыскердің айлық жалақысының көлемі ЕТЖ –ден төмен бола алмайды.

Бүкіл әлемде ЕТЖ еңбек нарығының экономикалық индикаторы ретінде маңызды рөл атқарады. Қазақстанда ЕТЖ-ның ЕТК-ге тәуелді болуы оның экономиканың және еңбек өнімділігінің өсімімен байланысты экономикалық реттеуші рөлін атқаруына мүмкіндік бермейді.

ЕТЖ көлемі жыл сайын республикалық бюджет туралы Заңда бекітіледі және 2018 жылға 28 284 теңгені құрайды.

Халықтың табысының өсімін ынталандыру мақсатында ЕТЖ-ны арттыруға бағытталған шаралар пакеті әзірленді.

1. Ең төменгі жалақы мөлшерін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап **1,5 есе, 42 500 теңгеге** дейін көтеру үшін Қазақстан Республикасының «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының жобасына тиісті өзгерістер енгізілетін болады, Заң жобасы ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауында.

Ең төменгі жалақы көлемін анықтау әдістемесі өзгертілетін болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап бюджеттік ұйымдарда жұмыс істейтін **275 мың азаматтық қызметкер** үшін жалақы мөлшерін арттыру қамтамасыз етілетін болады. Олар үшін еңбекақы өсімі орта есеппен **35%** құрайды.

Бюджеттік саладағы азаматтық қызметшілердің (бюджеттік сала қызметкерлерінің) жалақысын көтеруді қаржыландыру үшін 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджеттен **Үкімет резерві** есебінен жыл сайын **86 млрд. теңге** қарастырылатын болады.

Анықтама: 1-4 дәрежелі жұмыскерлер, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік салалардағы орта арнайы білімі бар негізгі, әкімшілік және техникалық персонал. Кәсіптері бойынша – жуып-жинаушы, аула сыпырушы, күзетші, санитар, іс жүргізуші, архивариус, хатшы, оператор, тәрбиешінің көмекшісі, техник, аудармашы, тәрбиеші, әдістемеші, зертханашы, медициналық мейірбике, фельдшер, акушер.

2. Сонымен қатар ЕТЖ өсуіне байланысты жұмыспен қамтылған халық үшін салық жүктемесі барлық жалдамалы жұмыскерлер табысынан салық шегерімдерінің артуына сәйкес төмендейді. Салық жүктемесінің төмендеуі **6 млн.** астам жалдамалы жұмыскерді қамтиды.

Салық шегерімдеріне байланысты жергілікті бюджеттердің шығындарының орнын толтыру үшін алдағы 3 жылға арналған республикалық бюджетте жыл сайын **10,5 млрд. теңге** қарастырылатын болады.

Қазіргі экономикалық өсім және Мемлекет басшысының бизнеске көрсетіп отырған қолдауы жеке сектордағы кәсіпорындарға экономикада жалақыны өсіру бойынша бастаманы қолдауға мүмкіндік береді.

Жалпы ЕТЖ-ны өсіру экономиканың барлық салаларында жалақысы төмен позицияларда жұмыс істейтін **1,3 млн. адамның** жалақысының өсуіне әкеледі.

Нәтижесінде, халықтың төлем қабілеттілігінің өсуіне, жалпы ішкі сұраныстың артуына және көлеңкелі экономика көлемінің төмендеуіне қуатты серпін беріледі.

III. ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ДАМУДЫҢ ЖАҢА ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша еңбек нарығындағы технологиялық жаңғыртумен және цифрландырумен, жұмыс күшінің дағдылары мен құзыреттіліктеріне талаптардың артуымен байланысты жаһандық сын-тегеуріндерге нақты жауап беретін **Еңбек нарығын дамытудың жаңа тұжырымдамасы** әзірленетін болады.

Адамды бүкіл өмірі бойы үздіксіз оқыту жүйесі қалыптастырылады. Қажетті өзгерістер техникалық-кәсіптік және жоғары білім сапасы мен мазмұнына қойылатын талаптарды арттыруға, жаңа экономиканың талаптарына сәйкес еңбек ресурстарын даярлау мен қайта даярлау үшін кеңінен мүмкіндіктер тудыруға қатысты болады. Онлайн-оқыту тәрізді жаңа білім беру формалары енгізіледі.

Демографиялық өсімге байланысты жұмыс күшін ұсыну артады. Жыл сайын еңбек нарығына **300 мың жас** қосылады. Сондықтан жастарды жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Басты назар еңбек өнімділігін арттыру бойынша міндеттерді ескере отырып, экономиканың жеке секторында **сапалы** жұмыс орындарын құруға аударылатын болады.

Жаңа кешенді тұжырымдама еліміздегі еңбек ресурстарының сапасын арттырып, нәтижелі жұмыспен қамтудың өсуіне мүмкіндік береді.

IV. БІЛІМ БЕРУ МЕН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУДАҒЫ ЖАҢА САПА ДЕҢГЕЙІ

Білім беру мен денсаулық сақтауда мемлекеттік қолдауды арттыру бойынша жұмыстар жалғасады, аталған салаларда **шығындардың тиімділігін** арттыруға басты көңіл бөлінеді.

Мемлекет басшысы 5 жыл ішінде **білім беру мен денсаулық сақтауға** барлық қаржы көздерінен жұмсалатын шығындарды ЖІӨ-нің **7,4%-нан 10%-на** дейін арттыру міндетін қойды.

Анықтама: 2018 жылы білім беруге жұмсалатын барлық шығындар ЖІӨ-ге шаққанда 4,1% құрады (2,4 трлн. теңге), оның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен – 3,5% және жеке сектордан – 0,6%.

Денсаулық сақтау бойынша 2018 жылы шығындар ЖІӨ-ге шаққанда 3,28% құрады (1,9 трлн. теңге), оның ішінде мемлекеттік бюджет есебінен – 1,94% және жеке сектордан – 1,34%.

Биыл барлығы білім беру мен денсаулық сақтауға жұмсалған шығындар ЖІӨ-ге шаққанда 7,38% құрады (МБ - 5,4%, жеке сектор – 1,9%).

Үш жылдық бюджет аясында білім беруге жұмсалатын шығындарды биылғы **456,3** млрд. теңгеден 2021 жылы **752,1** млрд. теңгеге дейін, немесе **65%-ға өсіру** ұйғарылып отыр.

Денсаулық сақтауға жұмсалатын шығындарды осы кезеңде **24%-ға, 1 076,2** млрд. теңгеден **1 339,1** млрд. теңгеге дейін арттыру жоспарланған.

Аталған бағыттағы жұмыстар жалғаса береді.

Анықтама: Жалпы, Мемлекет басшысының 2017 және 2018 жылдардағы Жолдауларын және 5 наурыздағы 5 әлеуметтік бастамасын іске асыру үшін 2019-2021 жылдары 2,5 трлн. теңге бағытталатынын атап өту керек.

4.1. Білім беру сапасын арттыру

1. Мемлекет басшысы **мектептегі және мектепке дейінгі білім беру** сапасын түбегейлі арттыруды тапсырды. Ол үшін Үкімет жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тиісті **Жол картасын** әзірлейді, онда мектепке дейін білім беретін тәрбиешілердің біліктілігін арттыру және бірыңғай біліктілік талаптарын енгізу бойынша шаралар қарастырылады.

Биыл **ұлттық біліктілік тестілеуі** енгізілді. Мектептердегі аттестаттау қорытындылары бойынша **34** мыңнан астам мұғалім біліктілік санаттарын алды. Аталған педагогтар санына қосымша төлемақы 2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап төленіп жатыр, ол 4 млрд. теңгені құрады. Жалпы, қосымша төлемақы көлемі мұғалімнің санатына байланысты **30%-дан 50%-ға дейін** болды.

Халықаралық стандарттарға көшу кестеге сай жүргізіліп жатыр. 2019 жылы PISA, SAT, AST стандарттарына барлық бағалау жүйесін көшіру қамтамасыз етіледі.

2. Президент **мектептер құрылысын** елді мекендерді дамыту жоспарымен сәйкестендіруді тапсырды.

Қойылған міндетті шешу үшін қолайлы жағдайлар жасаумен қосымша жеке сектор инвесторларын тарту арқылы мектептер құрылысын қосымша қаржыландыру ұлғайтылады.

Өңірлерде оқушылар орнының тапшылығын ескере отырып, сонымен қатар үш ауысымдық және апатты мектептер проблемасын шешу үшін алдағы 3 жылда 50 млрд теңге бөлінетін болады.

ЖАН БАСЫНА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

2018 жылы:

• *жан басына қаржыландыру Астанада 80 мемлекеттік мектепте және жұмыс істеп тұрған 8 жекеменшік мектепте, 6 өңірдегі 38 мемлекеттік мектепте (Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстары және Алматы қ.) енгізілген;*

• *барлығы 202 144 бала қамтылды;*

• *орта есеппен 1 оқушыға жылына 224 мың теңге жұмсалады (188,9 мың теңге – ЕТҚ, 16 мың теңге – ғимараттарды ұстауға, 14,4 мың теңге – негізгі шығындарға, 5, 2 мың теңге – оқу шығындары мен ынталандыру қорына);*

• *2018 жылға арналған республикалық бюджетте жергілікті бюджеттердің шығындарын жан басына қаржыландыру нормативіне жеткізу үшін 3,6 млрд. теңге қарастырылған.*

2019 жылы:

• *жан басына қаржыландыру 561 мектепте жүзеге асырылады (Астана - 80, Алматы - 197, Шымкент – 127, 5 өңірдегі 33 мемлекеттік мектеп, еліміздегі жұмыс істеп тұрған жекеменшік мектептер – 121 және Астанадағы қайта салынған 3 жекеменшік мектеп);*

• *барлығы 692 571 баланы қамту жоспарланған;*

• *осы мақсаттарға 2019 жылға арналған республикалық бюджет жобасында 22,5 млрд. теңге қарастырылған;*

• *қайта салынған жекеменшік мектептер үшін мемлекет жан басына қаржыландыру қағидаты бойынша мемлекеттік білім тапсырысын орналастыруды жоспарлап отыр;*

• аталған мектептер үшін 1 жан басына қаржыландыру құны орта есеппен 466 мың теңгені құрайтын болады; аталған норматив аясында 231 мың теңге сомасында негізгі шығындар (инвестициялық шығындардың орнын толтыру) қарастырылған; бұл орайда нормативтің аталған бөлігі мектептерге 8 жыл бойы төленеді;

• 8 жыл өткен соң норматив 235 мың теңгеге дейін қысқартылады (мектептің ағымдағы шығындары);

• 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында 40 жаңа жекеменшік мектеп үшін (контингенті – 53 мың бала) 47 млрд. теңге сомасында (2019 жылы – 465 млн. теңге; 2020 жылы – 21 млрд. теңге; 2021 жылы – 26 млрд. теңге) мемлекеттік тапсырыс орналастыру қарастырылған.

3. Үкімет жұмысындағы маңызды басымдық – **балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету**. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2021 жылға қарай мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйелерімен жарақтандыруды **100%-ға** дейін жеткізу қарастырылатын болады.

Бүгінде бейнебақылау жүйелерімен қалалардағы мектептердің **65%-ы** қамтылған. Өңірлердегі бастауыш және орта білім беретін барлық оқу мекемелерінің **30-40%** осындай жүйелермен қамтамасыз етілген. Бұл – жергілікті атқарушы органдардың міндеті. Аталған мәселе Үкіметтің ерекше бақылауына алынады.

4. Мемлекет басшысы **«Педагогтардың мәртебесі туралы»** Заңды әзірлеп, 2019 жылы қабылдауды тапсырды.

Заңда педагогтардың әлеуметтік мәртебесін арттыру, оқу жүктемесін төмендету және қажетсіз тексерулерден қорғау үшін ынталандыру мен басқа да шаралар қарастырылатын болады.

Тиісті заң жобасы әзірленіп, биылғы жылдың соңына дейін Парламент Мәжілісіне енгізіледі.

5. Үкімет **жоғары оқу орындарындағы** оқыту сапасына қойылатын талаптарды арттыру бойынша жұмыстарды жалғастырады. 2018 жылы Президенттің 5 әлеуметтік бастамасын іске асыру аясында теңдессіз гранттар саны бөлінді (2018 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 20 мың грант бөлінген).

2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап нарық үшін кадрлар даярлауда икемділігін арттыру үшін жоғары оқу орындарының дербестігін біршама арттыратын заң күшіне енді. Жаңа білім беру бағдарламаларын құру үрдісі басталды.

Жоғары оқу орындары мен колледждерді профильдеу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Олардың жұмысының басты бағасы - түлектердің жұмысқа орналастырылуы болады. Түлектердің қажеттілігі

төмен мамандықтар бойынша лицензиялар кері қайтарылып алынады. 2018 жылы 25 мамандық бойынша лицензиялар қайтарылып алынды. Бұл жұмыстар жалғастырылатын болады.

Еліміздегі жетекші жоғары оқу орындары Академиялық адалдық лигасын құрып (*29 жоғары оқу орны*), талапшылдық бойынша жоғары міндеттемелерді алды.

Жаһандық университеттермен әріптестікті арттыру, жоғары оқу орындарын басқару үшін шетелдік топ-менеджерлерді тарту қамтамасыз етіледі.

4.2. Денсаулық сақтау және салауатты ұлт

Медициналық қызметтерді көрсетудің ең маңызды сатысы емханалар мен амбулаториялар деңгейіндегі бірінші реттік қызметтерді көрсету болып табылады.

Жұмыс 4 бағыт бойынша жүргізіледі.

1. Учаскелік медициналық қызметкерлердің жалақысын кезең-кезеңмен көтеру.

Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру үшін **учаскелік медициналық қызметкерлердің жалақысы кезең-кезеңмен 20%-ға өсірілетін** болады.

Жаңа жұмыс әдістеріне оқытылуына орай **10 мың учаскелік дәрігер** мен **30 мың мейірбикенің** жалақысы көтеріліп, ол 2019 жылдың соңына қарай **100%-ға** жеткізіледі. Ол үшін **5 млрд. теңге** бөлінеді.

Бұл медициналық көмек сапасын жақсартып, негізгі ауру-сырқаулар кезіндегі асқынулар мен емханаға жатқызулар санын төмендетеді, сонымен қатар балалар мен жүкті адамдарды сапалы бақылауға алуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2. Денсаулық сақтау саласын цифрландыру

Биыл **«қағазсыз» денсаулық сақтауға** көшу бойынша пилоттық жоба аяқталады. Жоба пилоттық ұйымдардың **92%-да (727-ден 669-ы)** іске асырылды, бұл ұйымдарда барлық құжаттама түрлерінің **53%** электронды түрде жүргізіледі.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттаманы қағазсыз жүргізуге толық көшеді.

2018 жылы **орталық интероперабельділік Платформасы** іске қосылатын болады, ол барлық медициналық ақпараттық жүйелерді Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерімен кіріктіруге мүмкіндік береді.

Платформа базасында ел халқының барлығына арналған **бірыңғай электронды денсаулық төлқұжаты (ЭДТ)** жасалады. Азаматтардың кез келген медициналық көмек түріне жүгінуіне орай, ЭДТ саны мен көлемі арта түсетін болады. **2020 жылға қарай халық 100% ЭДТ-мен қамтылады.**

3. Астана қ. Ұлттық Ғылыми Онкологиялық орталықтың жаңа тұжырымдамасы

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет Орталықтың жаңа тұжырымдамасын әзірледі, соның негізінде орталық **Астанадағы медициналық кластердің қолданыстағы нысандарының базасында** салынатын болады. Бұл болашақта оны **Назарбаев Университетінің** Медициналық мектебімен және басқа да ғылыми орталықтарымен кіріктіруге мүмкіндік береді.

Орталықта онкологиялық аурулардың диагностикасы мен оны емдеудің барлық заманауи технологиялары қарастырылатын болады, оның ішінде ядролық медицина, протондық терапия, радиохирургия, жасушалық иммундық терапия және басқалары бар.

Орталық құрылысы 2019 жылы басталады.

Анықтама: құны 70 млрд. теңгені құрайды деп шамаланған, оның ішінде 26,6 млрд. теңгені мемлекеттік-жекешелік әріптестік механизмі негізіндегі жеке инвестициялар құрайтын болады.

4. Салауатты ұлт

Салауатты ұлт – бұл дамыған медицинаны ғана емес, **салауаты өмір салтын** ұстануды да білдіреді. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес бұқаралық спортты дамыту үшін тең қаржыландыру арқылы **денешынықтыру-сауықтыру кешендерін (ДСК)** салу бағдарламасы іске асырылуда. Қазіргі күні осы бағдарлама бойынша **20** ДСК құрылысы аяқталған.

Президент 2022 жылдың соңына дейін олардың санын **100-ге** жеткізу міндетін қойды.

2018 жылдың соңына дейін еліміздегі қалалар мен ірі елді мекендерінде ДСК қажеттілігінің Жол картасы әзірленеді.

Бұдан өзге, қалалар мен елді мекендердегі халықтың тығыздығын, санын ескерумен тұрғылықты жерлері бойынша ел азаматтары үшін **бұқаралық спортпен айналысуға арналған инфрақұрылымдық нысандар желісінің нормативін** бекіту қарастырылып отыр, нысандарды әкімдіктер өз қаражаты есебінен салатын болады.

V. ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ЖӘНЕ ШИКІЗАТТЫҚ ЕМЕС ЭКСПОРТТЫ ҚОЛДАУ

Мемлекет басшысының азаматтардың әл-ауқатын өсіру бойынша тапсырмаларын іске асыру тек жалақыны тікелей көбейту арқылы ғана жүзеге асырылмайды. Мультипликативті әсер есебінен болатын экономикалық өсім халықтың нақты табысының артуына ықпалын тигізеді – Үкімет ұзақ мерзімді перспективада ЖІӨ өсімінің негізгі құрауышы ретінде шикізаттық емес экспортты дамытуды қосымша ынталандыруды қамтамасыз етеді. Үкімет өңдеу өнеркәсібінің экспортқа бағытталған тиімді өндірушілерін мақсатты қолдауға көшеді.

Өнеркәсіптегі озық даму қарқыны ҚР сыртқы сауда айналымының сандық және сапалық көрсеткіштерінің өсуінің негізгі факторларының біріне айналды.

- 2010 жыл мен 2017 жыл аралығында жалпы экспорт көлеміндегі **өңдеу өнеркәсібі экспортының үлесі** 27,8%-дан 32,1%-ға дейін артты (2009 жылы 12 млрд. АҚШ долларынан 2017 жылы 15,6 млрд. АҚШ долларына дейін).
- Жыл сайын **экспорттық себет** орта есеппен 5-8 тауарлық топқа толықтырылады. Атап айтқанда, 2017 ж. экспорттық тауарлардың жаңа тобы автомобильдерді, күн панельдерін, газ қазандықтарын, картридждерді, рельстерді, посттерминалдарды, құрғақ бие сүтін қамтыды.
- Массачусетс технологиялар институтының экономиканың технологиялық күрделілігі индексіне сәйкес, Қазақстан 2010-2016 жылдары өз позициясын 12 пунктке жақсартты (80-шы орыннан 68-ші орынға).

Оң динамиканы жалғастыру бойынша қосымша шаралар ретінде Үкімет **экспорттаушыларды кешенді қаржылық және қаржылай емес қолдау жүйесін күшейтті.**

- Отандық кәсіпорындарды қаржылық және қаржылай емес қолдауды күшейту үшін алдағы 3 жылда **500 млрд. теңге** бағытталады.
- Оның ішінде **322 млрд. теңге** өңдеу өнеркәсібін жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасының көлемін қайта бөлу есебінен (Үкімет пен Ұлттық Банктің өңдеу өнеркәсібіндегі кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-қимыл жоспары аясында Ұлттық қордан бұрын бөлінген қаражаттан 220 млрд.).
- **102 млрд. теңге** – бұрын жол салуға алынған, халықаралық қаржы ұйымдарының үкіметтік займдарын үнемдеу есебінен (102 млрд. теңге).
- Қалған **178 млрд. теңге** 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджетте қайта қарастырылады.

Бөлінген қаражат келесі тетіктерге бағытталады:

1) Жеңілдікпен несиелендіру және экспорталды қаржыландыру – 300 млрд. теңге.

Аталған тетіктер аясында экспортқа бағытталған жобаларға келесі желілер бойынша қолдау көрсету жоспарланып отыр:

«Қазақстан Даму Банкі» - экспортқа бағытталған жобаларды, экспорталды және экспорттық операцияларды қаржыландыруға **200 млрд. теңге.**

«Даму» қоры – ШОБ-тың экспортқа бағытталған жобаларына **100 млрд. теңге.**

Күтілетін нәтижелер – экспорттық түсімнің **405 млрд. теңге** көлемінде өсуі, сонымен қатар салық түсімдерінің **25,1 млрд. теңгеден** астам артуы.

2) «KazakhExport» АҚ-ны капиталдандыруды арттыру – 68 млрд. теңге.

Капиталдандыруды арттыру өңдеу секторындағы **экспортқа бағытталған 100-ден** астам компанияға қосымша сақтандыру қолдауын ұсынуға және экспорттық түсімдерді **190,4 млрд. теңгеге** арттыруға мүмкіндік береді.

3) Жаңа механизмді енгізу – **102 млрд. теңге мемлекеттік кепіл ұсыну.** Бұл капиталдандыруды ескерумен сақтандыру көлемін 215 млрд. теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

4) «Атамекен» ҰКП арқылы экспорттаушылардың **көлік шығындарын өтеу – 20 млрд. теңге.** Бүгінде тауардың өзіндік құнында тасымалдау үлесі **30%** құрайды, бұл қазақстандық өнімнің экспорттық нарықтардағы бағалық бәсекеге қабілеттілігіне біршама ықпалын тигізеді.

5) **Қаржылай емес қолдау – 10 млрд. теңге,** бұл өнімнің маркетингтік ілгерілеуін, өткізу нарықтарының кешенді сараптамасын және экспорттаушылардың өнімдерін сертификаттауға жұмсалатын шығындардың жартысын өтеуді қарастырады.

Ұсынылған шаралардан күтілетін тиімділіктер:

- 2022 жылға дейін шикізаттық емес экспорт көлемі 1,5 есеге арттырылады (2019 жылы – 17,3 млрд. АҚШ доллары; 2020 жылы – 19,2 млрд. АҚШ доллары; 2021 жылы – 21,3 млрд. АҚШ доллары; 2022 жылы – 23,5 млрд. АҚШ доллары);
- шикізаттық емес экспорттың ЖІӨ-нің өсуіне жыл сайынғы үлесі 0,8 п.т. құрап, 2022 жылға қарай 5 п.т. дейін артады;
- экспортпен айналысатын кәсіпорындар санын арттыру үшін жағдайлар тудыру (300-ден 450 экспорттаушыға дейін).

VI. ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ

Елбасы Н.Ә. Назарбаев халықтың табысын көтеру бойынша негізгі резерв **шағын және орта бизнесті дамыту** болып табылатынын үнемі баса айтады.

1. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджеттің аясында **«Бизнестің жол картасы 2020»** Мемлекеттік бағдарламасын одан әрі іске асыру үшін жыл сайын **қосымша 30 млрд. теңге** қарастырылатын болады.

Қосымша 30 млрд. теңге несиелер бойынша мөлшерлемелерді субсидиялауға және кепілдендіруге бағытталады. Іске асыру механизмі пысықталған. Бүгінде **4 мың жобаны** қамтитын жаңа пул жасақталды. Субсидиялар «Даму» КДҚ» АҚ операторы арқылы тікелей беріледі.

Жалпы, мемлекеттік бюджеттен бұрын жоспарланған **39 млрд. теңге** сомасындағы қаражатты есепке алғанда, барлығы **69 млрд. теңге** көлемінде қолдау көрсетілетін болады.

2. Бизнес- және инвестициялық ахуалды жақсарту Үкіметтің басымдықты міндеті болып табылады. Мемлекет басшысының **салық заңнамасының бұзылуы жөніндегі қылмыстық жауапкершіліктің** қолданылу шегі бойынша тапсырмасын орындау мақсатында залалды толық өтеген жағдайда (салынған салық сомасын төлеген жағдайда), кәсіпкерлік субъектісіне байланысты бір мезетте айыппұл санкциялары көлемін бірнеше есе арттыра отырып, әкімшілік жауапкершілікке тартумен құқық қорғау органдарына салықтық тексеру материалдарын (**50 мың АЕК дейін**) **бағыттамау** ұсынылады.

Қажетті заңнамалық түзетулерді қабылдау аталған норманың 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енуін қамтамасыз етеді.

Бұл шаралар заңсыз әкімшілік қысымнан және қылмыстық қудалау қаупінен **кәсіпкерлерді қорғауды** арттыруға мүмкіндік береді.

VII. АӨК ДАМУ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРУШІЛЕРІН ҚОЛДАУ

Еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2,5 есе көбейту бойынша Мемлекет басшысы қойған міндеттерді шешу үшін агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың өзектілендірілген Мемлекеттік бағдарламасы аясында саланың бәсекеге қабілеттілігін және оның технологиялық қайта жабдықталуын арттыру үшін қажетті шаралар қабылданатын болады. Бұл мақсаттарға жыл сайын қосымша **100 млрд. теңгеден кем емес** қаражат бөлінеді, бұл АӨК алдына қойылған міндеттерді толық іске асыруға мүмкіндік береді.

Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру бойынша жұмыстарды бастап кетті.

1. АӨК субъектілері үшін қаржыландырудың қолжетімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы қаржы құралдары жетілдіріліп, жаңа қаржы құралдары енгізілуде. Атап айтқанда, жаңа құрал – **аграрлық қолхат** енгізіледі, ауыл шаруашылығында **сақтандыру жүйесі** түбегейлі өзгертілді: міндетті сақтандырудан ерікті сақтандыруға, сақтандыру төлемдерін субсидиялаудан сақтандыру сыйақыларын субсидиялауға көшу жүргізілді. Бұл саланың несие қабілеттілігін ұлғайтуға мүмкіндік беретін тиімді агросақтандыруды енгізуге мүмкіндік береді. Несие серіктестіктерінің жүйесі қайта қарастырылады.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру бойынша тапсырмаларына сәйкес **тиімсіз субсидиялар толықтай алынып тасталады**. Қалғандары барынша жеңілдетіліп, жыл соңына дейін толық автоматтандырылады.

*Өсімдік шаруашылығында мұндай субсидиялар 2019 жылдан бастап, ал мал шаруашылығы мен балық шаруашылығында 2020 жылдан бастап толық қысқартылады. Осылайша, субсидиялардың **54 түрінен** реформалау қорытындысы бойынша **34 субсидия** қалады.*

2. Мемлекет басшысы қойған міндеттерді шешу үшін басты шарттардың бірі **аграрлық ғылым мен білімді дамыту** болып табылады. Үкімет осы саланы реформалауды бастап, оны бизнестің қажеттіліктеріне және әлемдегі бар жаңа технологиялар трансфертіне басымдықпен бағыттады.

Ол үшін олардың жай-күйін жақсартудың басты факторлары айқындалды.

- **«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» құрылымын** қайталанатын ғылыми-зерттеу институттарын қысқарту, тәжірибелік станцияларды көбейту, бөлек басқаруды енгізу (ғылым және әкімш. ресурстар), сонымен қатар корпоративті басқару стандарттарын енгізу арқылы **қайта құру**.

- **Ғылыми зерттеулер сапасын жақсарту** академиялық орта мен шығармашылық үшін жағдайлар жасау, аграрлық ғылымның материалдық-техникалық базасын жақсарту, ғылыми ұйымдардың басқарушы құрамының таңдаулылығы қағидатын енгізу және ғалымдардың біліктіліктеріне талаптарды арттыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

- Мемлекеттік бағдарламада аграрлық ғылымды қаржыландыруды кезең-кезеңмен арттыру, оның ішінде **2021 жылы жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің көлемінен 0,5%-ға дейін және 2030 жылы 1%-ға дейін** арттыру қарастырылған.

- **Ғылымды бизнестің қажеттіліктеріне қарай қайта бағдарлау.** «Виртуалды зертханалар» тәжірибесі енгізілетін болады, оның аясында қазақстандық ғалымдар бірлескен зерттеулер жүргізу үшін ең үздік шетелдік зерттеу ұйымдарына бағытталады. Аталған тәсіл қазақстандық ғылымды халықаралық қауымдастыққа кіріктіруге және зерттеулер жүргізудің әлемдік тәжірибесін Қазақстанда енгізуге мүмкіндік береді.

- **Аграрлық білім беру сапасын жақсарту мақсатында** аграрлық секторды тәжірибелік білім мен дағдыларды игерген қажетті мамандармен қамтамасыз ету бойынша міндеттерді шешуге 3 аграрлық ЖОО-ны жұмылдыру көзделіп отыр. Бұл міндет университеттерде әлемдік жетекші ЖОО-лардың стандарттарын «Назарбаев университет» ДБҰ үлгісімен енгізуді, шетелдік ЖОО-лар франшизаларын тартуды қамтиды.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша зерттеу институттары күшейтілуде, ғылыми ұйымдардың бір бөлігі ҚазҰАУ мен ҚазАТУ сенімді басқаруына берілді.

- **Білімді таратудың жаңа бағдарламасы** әзірленіп, жұмыс істей бастады, онда салалық қауымдастықтар мен одақтардың **ұсыныстары бойынша** семинарлар тақырыбының тізімін жасау, отандық және шетелдік сарапшылар мен дәріскерлерді таңдау, семинарлар өткізу бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерден нақты кеңесшілердің тізімін қарастырады.

Нәтижесінде АӨК субъектілерін қамту 1,5-2%-дан **20-25%-ға дейін** артады.

3. Мемлекеттік бағдарламаның жобалық басқару стандарттарына сәйкес **басымдықты бағыттар**: етті және сүтті мал шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, құс шаруашылығы, суармалы жерлерді дамыту, қарқынды бағбаншылық және қант саласы бойынша ұзақ мерзімдік **салалық бағдарламалар** әзірленді.

Оларда аталған бағыттарды дамыту үшін қажетті жағдайлар қарастырылған. Атап айтқанда, ет және сүт бағдарламасын іске асыру ниетін білдіргендерге **отбасылық ферма құрып**, ет немесе сүт конвейерінің қатысушысына айналып, тұрақты табыс алуға мүмкіндік береді.

Мұндай фермалар Бағдарламаның өзегіне айналады: тек етті мал шаруашылығында алдағы 10 жылда осындай 80 мың ферма құрылады, ал бұл – 500 мың жаңа жұмыс орны, 100 млн. га алқапты тиімді пайдалану және ет өндірісін жылына 1 млн. тоннаға дейін жеткізу.

4. Жиын-терім жұмыстарын ұйымдастыру және негізгі экспорттық нарықтарға астықты тасымалдау мәселесін шешу бойынша қабылданған шаралар.

Анықтама: өткен жылы бидай 35 мың теңге деңгейінде сатылды, бүгінде 3 класты бидайдың бір тоннасы - 48-49 мың теңге.

Дәстүрлі нарықтарды қайтару және ұстап тұру мақсатында (Иран, Ауғанстан, Өзбекстан, Өзербайжан) логистика мәселелерін шешу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр, бұл Түркия нарығына шығу үшін плацдарм құруға ықпал етеді.

5. **Қазақстан АӨК-іне трансұлттық компанияларды тарту** бойынша жұмыстар жалғасуда.

Қарағанды және Ақмола облыстарында шошқа өсіру және балық өсіру шаруашылығы кешендерін құру бойынша 2 жобаны іске асыру жоспарланған. Алматы облысында ет комбинатын салу жобасы жүзеге асырылып жатыр. Батыс Қазақстан облысында ирландиялық Dunbia компаниясы мал бордақылау алаңына жан бітіруді жоспарлап отыр. Неміс компаниясы «CLASS» Солтүстік Қазақстан облысында комбайндар мен тракторлар құрастыру жобасын іске асыра бастады. Түркістан облысында Hyundai компаниясы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын өндіру бойынша жобаны іске асыра бастады.

Экспортты дамыту негізгі міндет болып табылады, оның үстіне, **өңделген өнім экспортына** басымдық берілуі тиіс. Қазірдің өзінде заманауи технологияларды пайдаланып, бидайдан крахмал, ұлпа, глютен, тіпті синтетикалық талшық өндіру бойынша жобалар Қапшағайда, Тайыншада (СҚО) және Қостанайда іске асырылып жатыр.

VIII. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өткен жылы экономикада қосылған құнды одан әрі өсіру, өндірістік үдерістердің экспортқа бағытталуын арттыру, адам әлеуетін және халықтың өмір сүру сапасын көтеру, ел ішінде де, өңірлік және әлемдік тұрғыдан да экономиканың кіріктірілуін ұлғайту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Мемлекет басшысының Жолдауында индустрияландыру бойынша жұмыстарды жандандыру тапсырылды.

Индустрияландырудың екінші бесжылдығының нәтижелері бойынша өңдеу өнеркәсібінің өсу қарқыны тау-кен секторындағы өсу қарқынынан жоғары.

Анықтама:

2018 ж. 8 айында 2015 ж. 8 айымен салыстырғанда өңд.секторындағы өсім – 112%;

2018 ж. 8 айында 2015 ж. 8 айымен салыстырғанда тау-к.секторындағы өсім – 111,1%;

2018 ж. 8 айында 2017 ж. 8 айымен салыстырғанда өңд.секторындағы өсім – 4,7%;

2018 ж. 8 айында 2017 ж. 8 айымен салыстырғанда тау-к.секторындағы өсім – 4,9%;

А.ж. 8 айының ішінде өңд.секторындағы динамиканың негізгі драйверлері машинажасау (+13,8%), хим.өнеркәсібі (+9,3%), мұнай өңдеу (+4,5%), металлургия (+4,1%), азық-түлік өнімдерін өндіру (+3,5%) болды.

Әлемдік нарықтардағы тұрақсыздықтар аясында, және одан кейін орын алған экономиканың жекелеген салаларындағы тербелістерден соң өңдеу өнеркәсібі **ел экономикасының ең тұрақты және қарқынды секторына айналды**. Қол жеткізілген нәтижелер қазақстандық өнеркәсіпті жаңа деңгейге көтерді.

Бұл орайда, салада озық даму қарқынын жалғастыру Үкіметтен **қосымша шаралар** қабылдауды талап етеді. Күшейіп келе жатқан экономикалық және өнеркәсіптік протекционизм, өндірістерді ел ішінде шоғырландыру және кіріктіру туралы идеялардың көбеюі, сауда-саттық қақтығыстарының болу қатерлері елдің өнеркәсіптік секторы үшін жаңа сын-тегеуріндер тудырды.

Осыған байланысты Үкімет қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де перспективалар үшін индустрияландырудың жаңа **тәсілдерін** әзірледі.

Басты басымдық – **шығарылатын тауарлар себетін одан әрі «күрделендіру» және сыртқы нарықтарда болуды ұлғайту**.

Біріншіден, **салалық басымдықтардан экспортқа және кәсіпорындарды географиялық «өсу нүктелерінде» - ірі қалалар мен облыс орталықтарында шоғырландыруға баса мән берумен өңдеу өнеркәсібінің барлық салаларында тиімді өндірушілерді қолдауға көшу қолға алынады.**

Екіншіден, **бизнестің өнімділік пен жергіліктендіру және т.б. бойынша нақты көрсеткіштерге қол жеткізу міндеттемелеріне қарай оларға тікелей қолдау көрсетілетін болады.**

Үшіншіден, **өнеркәсіпті «цифрлық дәуірге» дайындау аясында қажетті инфрақұрылым мен стандарттар, «модельді фабрикалар» құрылатын болады. Өнеркәсіпті цифрландыру біздің кәсіпорындарымыздың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі құрауыштарының біріне айналады.**

Көрсетілген шараларды іске асыру **Қазақстанмен бәсекелес экономикаларға көрсетіліп отырған қолдауларға тең келетін қолдау көлемдерін қамтамасыз етуге, өңдеу экспортының, еңбек өнімділігінің және негізгі капиталға инвестициялар өсімін қамтуға, шығарылатын тауарлардың күрделілігін арттыруға және өңдеу секторындағы кәсіпорындардың басымдығын арттыруға мүмкіндік береді.**

IX. ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ

Көлік инфрақұрылымы ел экономикасын одан әрі дамытудың маңызды элементі болып табылады. **Үкімет «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда**, оның аясында 2015 жылдан бастап 2018 жылдың соңына дейін **республикалық маңызы бар 2,4 мың шақырым автожол** салынып, қайта жөнделеді, оған бір уақытта **80 мыңға жуық адам** тартылған, нысандардағы отандық өндірушілердің материалдарының үлесі **95%-ды** құрады.

Қазіргі кезде республикалық желідегі автожолдар бойынша **4,6 мың шақырым** жол салынып, қайта жөнделуде, бұл жолдарда қозғалыс **2020 жылы** толық ашылады.

Жалпы, **2025 жылға қарай** I және II санаттағы республикалық маңызы бар автожолдардың ұзындығы **15 мың шақырымды** құрайды, ал қатты жабынмен республикалық желі бойындағы барлық жолдар жабылады.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жергілікті желідегі автожолдарды жөндеуді қаржыландыру **150 млрд. теңгеге** дейін ұлғайтылды. Бұл шаралар жыл сайын жергілікті желідегі **4 мың шақырымға** жуық жолға жөндеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді. Осылайша, 2025 жылға қарай жақсы және қанағаттандырарлық жергілікті маңызы бар жолдар үлесі **100%** құрайтын болады.

Х. ӨҢІРЛЕРДІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

Соңғы жылдары «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында республикалық маңызы бар инфрақұрылым белсенді дамыды. Бүгінде өңірлік деңгейдегі инфрақұрылымды дамыту міндеті тұр.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жаңа 2030 жылға дейінгі Аумақтық-кеңістіктік даму стратегиясы әзірленетін болады, онда басқарылатын кенттенуге басым көңіл бөлінеді. Осы тұрғыдан халықтың орналасу жүйесі, өңірлердің салалық мамандануы, негізгі өндірістерді орналастыру және инфрақұрылымдық қамтамасыз етілу мәселелері ашылатын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын ескерумен, **жергілікті инфрақұрылымды** дамытуға: энергиямен жабдықтауға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жергілікті жолдарға басымдық беріледі. 2018 жылы осы мақсаттарға республикалық бюджеттен **332 млрд. теңге** бөлінген.

Бірақ инфрақұрылымның тозығы жеткенін ескерсек, бұдан көбірек инвестициялар қажет, ол өңірлерді 2025 жылға дейінгі дамытудың жаңа бағдарламасының аясында, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік есебінен де қарастырылатын болады.

Аумақтық дамытудың жаңа тәсілі қалалар мен шалғай аудандардағы өмір сүру сапасын арттырады, сонымен қатар өңірлік экономиканың дамуын ынталандырады.

Үкімет Мемлекет басшысының Қазақстан халқына арнаған жаңа Жолдауында айтылған тапсырмаларын іске асыру бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

ХІ. БИЗНЕС- ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ЖАҚСARTY

Үкімет Мемлекет басшысының бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту, салықтық әкімшілендіруді жетілдіру, сонымен қатар көлеңкелі экономика деңгейін төмендетумен байланысты тапсырмаларын толыққанды және уақытылы орындау шараларын қабылдайды.

11.1. Шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясы»

Жолдауда 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын және орта бизнес үшін **«салық амнистиясын»** жүргізуге кірісу тапсырылған. Қазір **66933** шағын және орта бизнес субъектісінің 2018 жылдың **1 қаңтарына дейін** жиналып қалған және ағымдағы жылдың **1 қыркүйегіне** дейін өтелмеген 152,8 млрд. теңге көлеміндегі қарызы бар.

Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 2019 жылдың 31 қаңтарына дейін **80,3 млрд.** теңге көлеміндегі негізгі қарызды өтеген жағдайда **59,5** млрд. теңге өсімпұл мен **13** млрд. теңге айыппұлды (**72,5** млрд. теңге өсімпұл + айыппұл) есептен шығару бойынша тиісті жұмыстарды жүргізетін болады.

11.2. ЖІӨ-дегі көлеңкелі айналымды азайту шаралары

Статистика мәліметтері бойынша, Қазақстанда ЖІӨ-дегі **көлеңкелі айналым 25,1%** құрайды (*ЭЫДҰ елдерінде 16,7%, 2015 ж.*).

1. Жеңілдетілген салық режимдері аясында қолма-қол ақшасыз кірістер ҚҚС төлеуші болу және қосымша жүктеме алу міндеттемелеріне ықпалын тигізбейтін болады.

2. Жағдайды өзгертуге деректерді есепке алуды және алмасуды автоматтандыру арқылы ERP-жүйелерді қолдану, салық төлемдері арқылы инвестицияларды қайтару мүмкіндігін беретін жаңа буынның БКМ (бақылау-кассалық машиналарын) жаппай енгізу негіз болуы тиіс.

3. Жеке тұлғаларға арналған, тауарды қолма-қол ақшасыз сатып алған жағдайда банк картасына 1% қайтару түріндегі «кэшбек» енгізу.

Сараптамалық бағалаулар бойынша, бұл шаралар жыл сайын экономиканың өнімділігін 0,8-1,4%-ға арттырып, нақты дүкеннің айналымын 19%-ға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Бұл орайда, бөлшек сауда кәсіпорындарынан 2025 жылға қарай жұмыспен қамтылғандар санын 1,2 млн. адамға арттыруымен, қосымша 900 млрд. теңгеден асатын түсімдер түседі күтілуде.

Бөлшек сауда саласында бейресми жұмыспен қамтылғандар үлесінің 58%-дан 8%-ға дейін және көлеңкелі айналым үлесінің 75%-дан 10%-ға дейін төмендеуі күтіліп отыр.

XII. ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ «7-20-25» ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет басшысы қойған міндетке сәйкес, алдағы уақытта әрбір қазақстандық өзіне ыңғайлы шарттармен сапалы баспана алу мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, алдағы **5 жыл** ішінде «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша **650 мыңнан астам тұрғын үй** (76,6 млн. ш.м.) салу жоспарланып отыр, бұл **2 млн-ға жуық** азаматты баспанамен қамтамасыз етеді.

1. «7-20-25» бағдарламасы аясында **алдағы 5 жылда 103 мыңға жуық азамат** тұрғын үй ала алады. Бұл бағдарлама бойынша әкімдіктерге бастапқы жарналарды жергілікті бюджеттен жартылай қаржыландыру механизмін пысықтау тапсырылған. Бұл жұмысты қазір Шымкент қ. және Ақтөбе облысының әкімдіктері жүргізіп жатыр.

Бұл механизмге сәйкес, жас отбасылар мен бюджеттік сала қызметкерлері үшін **бастапқы жарна көлемінің жартысын өтеу бойынша** әлеуметтік көмек қарастырылып отыр, бұл әжептәуір көмек болып табылады.

2. Тұрғынүйқұрылысжинақбанкі жүйесі бойынша әскери қызметкерлер мен құқық қорғау жүйесі қызметкерлері үшін **арнайы ипотекалық бағдарлама** іске қосылды. Бұл **71 мың** әскери және арнайы мемлекеттік органдар қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Бөлінетін мемлекет қаражатына **20 мың жалға берілетін және 56 мың несиеге берілетін тұрғын үй** салынады. Мемлекет басшысы қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін Үкімет жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыруды **25 млрд. теңгеден 35 млрд. теңгеге дейін** арттыратын болады.

Сонымен қатар Үкімет салынып жатқан үйлерді желілерге қосу үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды қаржыландыруды **100 млрд. теңгеге дейін** ұлғайту мәселесін қарастыруда.

Қазіргі күні Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша **жыл сайын бөлініп отырған 100 млрд. теңге** ауылдардың **80%-ын** сапалы сумен қамтып, ондағы **тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға** мүмкіндік береді.

Тұрғын үй құрылысын дамытуды қолдау бойынша қабылданып жатқан шаралар көптеген азаматтарға баспана жағдайын біршама жақсартуға мүмкіндік тудырып, ел экономикасының дамуына қосымша серпін береді, яғни оған жаңа жұмыс орындарының ашылуы және құрылыс саласының, отандық индустрия кәсіпорындарының және аралас салалардың (жиһаз, тұрмыстық техника, жабдықтар өндірісі) дамуы жатады.

XIII. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруды қаржылық қамтамасыз ету үшін бюджеттің мүмкіндіктері есептелген.

Мемлекеттің шығындарының басқа бағыттарын және бұрын қабылдаған міндеттемелерін оңтайландыру қажет емес.

Алдағы үш жыл ішінде жалпы барлығы **1 триллион 226 млрд. теңгеге** жуық қаржы бағытталатын болады.
